



# «Үркерлі айдың бәрі қыс»

Қазіргі ғылымда мұндай уақыт мөлшерін Жұлдыздық ай есебі деп атайды. Оның мөлшері жуық түрде 27 күн 7 сағат 43 минутқа тең. Ертеде дәл есептеугі сағат болмағандықтан қазақ есепшілері Жұлдыздық ай мөлшерін 28 күн етіп белгілеген. Бір жыл ішінде Ай мен Үркер 13 рет тоғыса алатындықтан, нәтижесінде тоғыс есебінде 364 күн болған.

Қазіргі қазақ тілінде тоғыс есебіне қатысты едәуір сөз, тұрақты сөз тіркестері сақталған. Мысалы, «қырқына шыдап, қырық біріне шыдамапты» деген тұрақты сөз тіркесінің мәнін былай деп ашады. 40 айда Тоғыс есебі мен Күн жылы жуық түрде дұрыс тенеледі. Ал 41 айда тоғыс есебінің мөлшері дұрыстала түскенмен, Күн жылы өз мөлшерінен 8 күн асып түседі.

Ай мен Үркердің тоғысуын есепшілер үш күнге бөледі.

1. Ай мен Үркер жақын келген күнді «ауыл-үй қонды» деп атайды;

2. Ай орағының немесе тасасында Үркердің көрінбей қалуын «тоғамдасу» деп атайды.

3. Айдың Үркерді басып өткен үшінші күнін «өріп шықты» деп атайды.

Бұл тоғыс «бес тоғыс» деп аталады. Осы тоғыстан бастап Қазақстан жерінде жер көктеп, ағаштар бүршік жара бастайды.

Ай мен Үркердің тоғысуына орай халқымыздың тұрмысында болжам айту жиі кездеседі. Мәселен, «Ақпан мен Қамбардың тоғысы» болады. Бұл тоғыста Ай шалқасынан қып-қызыл болып жатып алып, Үркерден алыс тоғысады. Мұндай тоғысты ертеде халқымыз «Жұт тоғыс» деп атаған.

«Білсен Хұтпын, білмесең жұтпын» дейтін қағида осы оқиғалардан кейін айтылған болса керек. Бұл жердегі Хұт деп отырғанмыз – ақпан айының жұлдыз атауы.

Тоғыс есебі – уақыт есебінің Үркер шокжұлдызы бойынша жүргізілетін жүйесі, яғни Үркерге негізделген күнтізбе. Ай орағының немесе ай табағының Үркерді басып өтуі тоғыс, тоғысу немесе тоғаю деп аталады. Тоғыс кезінде аспан әлемінің аядай учаскесіне шоғырланып жиналған Үркердің айқын алты жұлдызы Айдың арғы жағында, тасада қалады да, жердегі бақылаушыға көрінбейді. Ай ақырын жылжып өтіп кеткенде, тоғыс аяқталып, Үркер көрінеді. Ай мен Үркер үнемі тоғыса бермейді.

Тетелес келетін екі тоғыстың аралығында өтетін уақытты қазақ халқы «тоғыс айы» дейді.

Тоғыс есебі қазақтардың ауыз әдебиетінде де жиі кездесіп отырады. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында:

«Қыз Назымға таласып,  
Екі батыр соғысты.

Бұлтты шайнап, мұз бүркіп,

Үркер мен Айдай тоғысты» деген өлең жолдары кездеседі. Демек, қазақ жыл қайыру тәжірибесінде тоғыс есебі ертеректе көне түркіден қалған сарқыншақ болса керек.

Ай, жыл, мезгіл, апта, күн ұғымдары, жалпы күнтізбе мен ауа райына қатысты атаулар жалпы адамзаттық қажеттіліктен туындап, адамзат пайда болғаннан бері қолданылып келе жатқандықтан, әрбір космоимдердің, ауа райы мен күнтізбе жүйесіне қатысты лексикалық бірліктердің өзіндік тарихы (этимологиясы), қолданылу ерекшеліктері, тілдік жіктелуі болады.

Үркер тоғысының, әсіресе малшы қауымы үшін біраз артықшылығы байқалады. Жылбасының (Үркердің батуының) көктемнің соңғы айына келуі ел тұрмысы қолайлы болуымен бірге, есепшілер ендігі жерде Үркердің тәуліктік қозғалысын астрономиялық жеке етіп алып, туннің ұзақтығы, қысқалығы тәрізді құбылыстарды анықтады. Бұрын

туннің ұзақ не қысқа құбылысын жай ғана сезінсе, ендігі жерде бұл құбылысты Үркер арқылы бақылап белгілеу мүмкін болады. Үркер қас қарая көрініп, таң атқанша батпайтын болса, ең ұзақ түн (қыс ортасы), ал түн ортасы ауа батып кетсе, күннің ұзарып, туннің қысқара бастағаны. Сөйтіп, есепшілер Үркердің жылдық жолына ғана емес (мысалы, Үркер батқан кезден келесі жылға батқан кезге дейінгі аралық), тәуліктік қозғалысына да назар аударды. Үркер тоғысының тағы бір артықшылығы – ауа райын болжауға жыл мезгілдерінің (солярлық уақыттың) қалай өтетінін жорамалдауға қолайлылығы. Үркер есебі бойынша жыл екі мезгілге бөлінген. «Үркер жерге түсіп» көрінбей кеткен кез – жаз, ал «Үркер көрінетін кез» – қыс. «Үркерлі айдың бәрі қыс» деп аталатын дағдылы сөз орамы осыны аңғартады.

Қазақ есепшілері қаншалықты жарқырап тұрғанымен, Сүмбіле, Босаға тәрізді шырақтарын нысана етпей, Қамбар жұлдызына жіп таққан. Бұның себебі неде? Зерттеуші бұл сауалға төмендегідей жауап береді.

Сонымен байырғы есепшілер аспан аясында аймен кездесетін жұлдызды тапқан. Ол – Қамбар жұлдызы. Бұл жұлдыз күз айларында туылып, көктем айларында батады. Қамбар жұлдызы көк

қауымы үшін Үркер тоғысының бірнеше қолайлы жағы бар. Ескі жылдың шығуы мен жаңа жылдың кіруі бұрынғыдай қыс мезгілінің аяғына (ақпанға) емес, көктем мезгілінің соңына сәйкес келетін болды. Үркер мамырдың 10-ында батып, сол батар алдында жаңа туған аймен тоғысады. Бұны есепшілер бір тоғыстың айы деп атап, оны жылдың басы етіп белгілеген.

Қазақ есепшілерінің ұстанған жүйесі бойынша Күн, Ай, Жұлдыз тәрізді аспан шырақтары бір-бірімен тығыз байланыста болуы шарт. Уақыт өлшемін анықтау, белгілеу осындай шарттылыққа бағынуға тиіс. Оның үстіне қазақ қауымында Айға табыну салты өте күшті болған. Сондықтан есепшілер де қоғамдық сананың осындай түрінен (діннен) тысқары тұра алмаған. Ата-бабаларымыздың ерте заманда «Жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке» деп төу ететін салты күні бүгінге дейін сақталған.

«Үркер тумай сорпа ішуге келмейді» деген тіркес бар, қой төлдейтін уақытқа, қозы ет алатын уақытқа, қой семіретін уақытқа байланысты пайда болған. Жаз бойы семіріп, бойына нәр жиған қойдың еті мен қозының сорпасы Үркер көтерілгенде дайындалса, дәмді болатыны туралы айтылған.

Қорыта айтқанда, халық күнтізбесі (календарь) жыл ішіндегі айлардың, күндердің реті мен санын көрсетудің, уақыт есептеудің табиғи құбылыстарға негізделген, мейрамдар мен тарихи қоғамдық мәні бар уақиғалардың мерзімдерін көрсететін, дәстүрлі шаруашылығын жүргізуде кеңінен қолданылатын, құрылымдық бірліктері бар, деректі ойлаудан абстракті ойлауға негізделген күрделі жүйе.

**Орынғазы ӘБУТӘЛП,**  
Алматы Менеджмент  
университеті қазақ және орыс  
тілдері кафедрасының доценті,  
филология ғылымының  
кандидаты